"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

16.04.2018 ж. N 09-15/1896

«Карат-Z» ЖШС-нің
директоры Ж.Д.Нупбаевқа

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 2018 жылғы 27 наурыздағы №008 өтінішіңізді қарап, келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан ұйымдастырушы **«Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі** *(бұдан әрі – Ұымдастырушы)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен жарияланған **№2291131-1 «Құтарыс а/о, Құтарыс е/м аумағындағы автожолдармен қиылысатын алқаптары бойынша Арыс өзенін нығайту», №2291552-1 «Кутырыс ауылындағы Кутарыстың аумағында Арыс өзеніндегі бөгетті жөндеу» және №2275187-1 «Манкент а/о, Манкент е/м аумағындағы төтенше жағдайлардың алдын алу үшін Сай каналының арнасын күшейту»** мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

Камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында жоғарыда аталған мемлекеттік атып алуға сметалық құжаттама қалыптастырылғаны, орындалатын құрылыс жұмыс түрлері бар екендігі және сметалық құжаттамада қарастырылған құрылыс жұмыстарды орындау үшін негізгі құрылыс машина және механизімдер тізімі бекітілгені анықталды. Яғни, мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы сатып алудың мәні құрылыс жұмыстары болуына қарамастан қызмет түрі ретінде ұйымдастырғаны анықталды.

Конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасы болып табылатын біліктілік туралы мәліметінің ескертпесінің 1 тармағына сәйкес осы қосымшаның 3 және 4-тармақтарының талаптары құрылыс (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу), техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы және қала құрылысы жобаларын әзірлеу бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды деп көрсетілген.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар және бар объектілерді ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады делінген.

Бұл дегеніміз, конкурстық комиссия жоғарыда аталған негіздерге сәйкес әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін материалдық және еңбек ресурстары бойынша біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама

талаптарына сәйкес келмейді деген негіздер бойынша рұқсат бермеуі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(Бұдан әрі - Қағида)* 150 тармағының талаптарына қайшы келеді.

Алайда, конкурстық комиссия тарапынан Қағиданың 150 тармағының талаптарын сақтамай әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін негізсіз материалдық және еңбек ресурстары бойынша біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деген себептермен рұқсат бермеу шешімі қабылданғаны анықталды.

Осыған орай, Департамент тарапынан ұйымдастырушы мекемеге камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданғанын хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Басшының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Келісілген:
А.Мұратов

Орын.Сейдуллаев Е.
Тел: 35-06-06